

## **6B01901 «Арнайы педагогика мамандарын даярлау (Логопед)»**

### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Білім беру саласының коды және атауы:** 6B01 Педагогикалық ғылымдар

**Даярлау бағытының коды және атауы:** 6B019 Арнайы педагогика мамандарын даярлау

**Берілетін дәрежесі:** 6B01901 «Арнайы педагогика мамандарын даярлау (Логопед) » білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры

**Бағдарламаның типі:** бакалавриат, 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

**Жалпы кредит көлемі:** 240 академиялық кредит/240 ECTS

### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ**

#### ***1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы***

«Арнайы педагогика мамандарын даярлау (Логопед)» білім беру бағдарламасы бойынша бітіруші дамуында кемістіктері бар тұлғаларға білім беру саласында, әлеуметтік қорғау және қайырымдылық жасау, денсаулық сақтау, мәдениет салаларында кәсіби қызмет атқарады.

#### ***1.2. Бітірушінің кәсіби қызмет нысандары***

- барлық типтегі мектепке дейінгі ұйымдар (балабақша, бөбекжай-балабақшасы);
- білім беру мектептері;
- арнайы түзету мекемелері (мектеп-интернаттар, сөйлеу тілі, есту қабілеті, көру қабілеті, физикалық, ақыл-ой және психикалық даму бұзылыстары бар жасөспірімдерге арналған сыныптар);
- техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындары (колледждер);
- мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелер (біліктілік арттыру институттары, кеңес беру орталықтары, дамыту орталықтары, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері, логопедиялық пункттер т.б. денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және қайырымдылық жасау органдары мен мекемелері);
- білім беру бөлімдері;
- ғылыми-зерттеу ұйымдары (институттар).

#### ***1.3 6B01901 «Арнайы педагогика мамандарын даярлау (Логопед)» білім беру бағдарламасы бойынша бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері***

- түзету-дамытушылық;

- білім беру-педагогикалық;
- диагностикалық-консультативтік кеңес беру;
- әлеуметтік-бейімдеушілік;
- ұйымдастырушылық-коммуникативтік;
- жобалық-зерттеушілік.

#### **1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері**

6B01901 – Арнайы педагогика мамандарын даярлау (Логопед) білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриат бағдарламасының түлегі келесі кәсіби міндеттерді шешуге дайын:

**түзету-дамытушылық әрекет саласында** – даму кемістіктерін түзету; білім беру және оңалту процестерін түзету-педагогикалық тұрғыда сүйемелдеу;

**білім беру-педагогикалық әрекет саласында** – кемістіктері бар тұлғалардың жеке қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін ерекше білім беру қызметін және әлеуметтік-коммуникациялық қызметті жүзеге асырудың арнайы білім беру ортасын ұйымдастыру;

**диагностикалық-консультативтік әрекет саласында** – білім беру процесінің қатысушыларын оқыту, дамыту, кәсіби бағдар беру, әлеуметтік бейімдеу мәселелері бойынша диагностикалық және консультативтік көмекті жүзеге асыру;

**әлеуметтік-бейімдеушілік әрекет саласында** – адамның қоғамда өмір сүруіне қажетті құзыреттіліктерінің дамуында кемістіктері бар тұлғалардың әрекеттерін ұйымдастыру;

**ұйымдастырушылық-коммуникативтік әрекет саласында** – ерекше білім алуға қажеттілігі бар тұлғалардың қарым-қатынас мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, қатынас жасау процесін ұйымдастыру;

**жобалық-зерттеушілік әрекет саласында** - білім беру мекемелерінде оқыту-тәрбиелеу процесін жобалау; білім алушылардың жеке және әлеуметтік дамуына арналған психологиялық-педагогикалық зерттеулер; білім беру әрекетінде білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, дамыту және түзету бағдарламаларын әзірлеу.

### **БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ**

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жанартуда белсенділік танытады.

5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.

6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.

7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ**

**ББ бойынша оқу нәтижелері:** Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студентер төмендегі қабілеттерге ие болуы тиіс:

- **ON1** – мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас барысында ауызша және жазбаша түрдегі тілдік дағдыны көрсете білу;
- **ON2** – арнайы педагогика мен арнайы психологияның тұжырымдарын, арнайы білім беру және балаларды әлеуметтік қорғау жүйесінің құқықтық негіздерін білуі мен түсінуін көрсете білу;
- **ON3** – ЕБҚБ білім алушылардың тұлғалық дамуына бағытталған пәнаралық білімді интеграциялау;
- **ON4** – ЕБҚБ балаларды сүйемелдеудің денсаулық сақтау принциптерін және денсаулығы мен қауіпсіз жүріс-тұрысына әсер ететін факторларды білуі мен түсінігін қолдану;
- **ON5** – АКТ және ЦБР, ЕБҚБ балаларды тексерудің арнайы әдістерін, дәстүрлі және инновациялық технологияларды таңдау;
- **ON6** – ЕБҚБ адамдар үшін техникалық, қалпына келтіру, оңалту мен көмекші оқыту және қарым-қатынас құралдарын пайдалана отырып, түзету-дамыту сабақтарын жүргізу;
- **ON7**–нақты білім алушының жасы және жеке ерекшеліктеріне сәйкес диагностикалық құралдарды пайдалана отырып, диагностикалық тексеру жүргізу;
- **ON8** – сөйлеу тілі және басқа да бұзылыстары бар балаларды оқыту және дамытуға арналған оқу-бағдарламалық қамтамасыз ету мен логопедиялық құжаттаманы әзірлеу;
- **ON9** – белгіленген критерийлерге сәйкес түзете-дамыту жұмыстарының тиімділігін бағалау;
- **ON10** – ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- **ON11**- ЕБҚБ балаларға, олардың ата-аналары мен педагогтарына түзету-тәрбиелік көмек көрсетудің құралдарын және қоғамдағы толеранттық қатынасты ұсыну;
- **ON12**–өзінің кәсіби өсуін жобалау, командада жұмыс істеу.

### **Пәндер туралы мәліметтер**

<b>№</b>	<b>Пәндердің атауы</b>	<b>Пәндердің қысқаша сипаттамасы</b>	<b>Кре</b>	<b>Оқу нәтижелері (коды)</b>
----------	------------------------	--------------------------------------	------------	------------------------------

			дир сан ы	ON1	ON2	ON3	ON4	ON5	ON6	ON7	ON8	ON9	ON10	ON11	ON12
<b>Жалпы білім беретін пәндер циклі</b>															
<b>Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) тандау компоненті</b>															
1	Құқықтық, экономикалық және экологиялық білім (Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Экономика және бизнес, Экология және өмір қауіпсіздігі)	Білім алушыларда экономика және бизнес саласындағы құзыреттілікті, құқық негіздері туралы білімдері мен түсініктерін дамытады, ҚР Мемлекеттік-құқықтық және конституциялық дамуын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздерін, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздерін, кәсіпкерлік дағдыларын, көшбасшылықты, т.б. білім алушының тұлғалық дамуын қалыптастыруға бағытталған пәнаралық білімді интеграциялау жолдарын сипаттайды.	5		+	+	+								
<b>Базалық пәндер циклі</b>															
<b>Жоғары оқу орны компоненті</b>															
2	Арнайы психология	Отандық арнайы психологияның өзекті мәселелері мен тұжырымдары, бұзылыстарды диагностикалау проблемалары; психикалық дизантогенездің негізгі түрлері; психологиялық тексеру процедурасы; ауытқуларды дифференциалды диагностикалау әдістері, құралдарын пайдалана отырып, психологиялық қорытындылау; ЕББҚБ балалар мен тұлғаларға, олардың ата-аналарына, педагогтерге кеңес беру әдістері; психологиялық профилактикалық жұмыстар туралы түсініктері кеңейіп, ғылыми көзқарастары қалыптасады.	5		+					+					
3	Акмеология негіздері	Акмеологияның теориялық-методологиялық негіздерін, негізгі ұғымдарын, мәселелері мен	5					+							+

		міндеттерін, кәсіби өсуін жобалауға әсер ететін акмеологиялық талаптарды, еңбек қызметінің табыстылығы мен тиімділігін, педагогтың кәсібилік деңгейін, педагогтық құзыреттілік және оның құрылымдары, мұғалім-логопедтің жеке және кәсіби құзыреттілігіне қойылатын талаптарды, кәсібилікті дамытудың дәстүрлі және инновациялық технологиялары туралы түсініктерін кеңейтеді.												
4	Инклюзивті білім берудегі арнайы педагогикалық технологиялар	Инклюзивті білім беру бағдарламаларын іске асыруда ЕБҚБ балаларды сүйемелдеу қызметі, әдістері мен формалары, принциптері мен факторлары, оқыту-дамытудың психологиялық-педагогикалық мәселелері туралы білімдерін дамытуға бағытталған. Жеке кәсіби өсуі мен білім беру траекториясын жобалау; ББ әзірлеу технологиялары; инклюзивті білім беру кеңістігінде педагогтің практикалық қызметінің ерекшеліктерін зерделей алу дағдысын дамытуды көздейді.	5				+			+				+
5	Арнайы педагогика	Арнайы педагогиканың даму тарихы, дидактикалық тұжырымдары, ғылыми танымның әдістері мен әдіснамасы туралы білімдерін тереңдетуге бағытталған. Жалпы және арнайы білім беру саласындағы пәнаралық білімді интеграциялауда, типтік және арнаулы оқу орындарында ЕБҚБ балаларды түзету-педагогикалық көмек көрсетудің құралдары мен арнайы әдістері негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдысы қалыптасады.	6				+		+	+				+
6		Сөйлеу тілінің жалпы дамымау деңгейі	5						+	+			+	

	Сөйлеу тілінің жалпы дамымауы	(Р.Е.Левина, Т.Б.Филичева бойынша); психологиялық-педагогикалық сипаттамалары, клиникалық типологиясы, ЖСТД бар балалардың есту, сөйлеу қабілетін тексерудің арнайы әдістері, тілдің фонетикалық құрылымы туралы білімдері кеңейеді. Жалпы сөйлеу тілінің дамымауын түзету жұмыстарының жүйесін, тілдің фонетикалық құрылымын, фонетикалық-фонематикалық дамымауы мен түзету жұмыстарының жеке жоспары мен бағдарламасын құрастыру дағдысын дамытуды көздейді.													
7	Сөйлеу тілінің жүйелік кемістіктері	Сөйлеу тілінің жүйелі бұзылыстарын, алалия мен афазияның жіктелуін, олардың салыстырмалы сипаттамасы мен себептерін, анатомиялық және физиологиялық аспектілерін, симптомдары мен механизмдерін меңгеру негізінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдысы қалыптасады. Психологиялық, педагогикалық және сөйлеу ерекшеліктері, дифференциалды диагностикалау, оқыту-дамыту, түзету-тәрбиелік көмек көрсету туралы түсініктері кеңейеді.	5							+		+		+	
8	Жазбаша тіл кемістіктері	Жазбаша тіл кемістіктерін тексерудің арнайы әдістерін таңдай отырып, кемістік себептерін, механизмдерін, симптомдарын, жіктелуін (алексия, дислексия, дисграфия, дизорфография); оқу және жазу бұзылыстары бар балаларды зерттеудің принциптерін; нейропсихологиялық және психолингвистикалық әдістерін; алдын алу бойынша логопедиялық жұмыстардың әдістемесін, жазбаша тілдің бұзылуын түзету-	5					+	+			+			

		дамыту жұмыстарының тиімділігін бағалау дағдысын дамытуды көздейді.																		
9	Сөйлеу тілінің жылдамдығы мен ырғақтылығының бұзылуы	Тұтықпа этиологиясын, жіктемесін, балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес сөйлеу тілін диагностикалау, қарым-қатынас дағдылары және тұтықпаны түзету-дамыту сабақтарын жүргізудің кешенді әдістері; тұтықпа, брадилалия, тахилалия кезінде мектеп жасына дейінгі балаларға, жасөспірімдер мен ересектерге, ата-аналар мен педагогтерге түзету-тәрбиелік көмек көрсету құралдарын қолдану, логопедиялық жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесі туралы білімдерін тереңдетуге бағытталады.	5						+	+							+			
10	Балаларды қоршаған ортамен таныстырудың арнайы әдістемесі	Арнайы және инклюзивті білім беру әдістерін, дәстүрлі және инновациялық технологияларды қолдана отырып, мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған МЖМБС, қоршаған ортамен таныстырудың теориясы мен әдістемесі, адам мен табиғаттың қарым-қатынасы, қауіпсіздік факторларды, балаларда өзі, айналасындағылар және қоғамдағы толеранттық қатынас туралы түсінік қалыптастыру туралы түсініктерін дамытуға бағытталған.	7					+	+									+		
<b>Базалық пәндер циклы</b>																				
<b>Таңдау компоненті</b>																				
11	1. Логопедияның қазіргі теориясы мен практикасы 2. Ерте жастағы балаларды логопедиялық сүйемелдеу	1. Логопедиялық жұмыстардың заманауи түсініктерін; логопедиялық жұмыстардың ғылыми және практикалық міндеттерін; түзету-пропедевтикалық әсер ету жүйесін құру, оқыту және дамытуға арналған оқу-бағдарламалық қамтамасыз ету мен	6															+	+	+

		<p>логопедиялық құжаттаманы әзірлеу; жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес сөйлеудің анатомиялық және физиологиялық механизмдерін диагностикалау, сөйлеу тілін дамытуда түзете-дамыту жұмыстарының тиімділігін бағалау дағдысын дамытуға бағытталған.</p> <p>2.Баланың туғаннан бастап қалыпты психикалық даму критерийлерін, ерте жастағы балаларға арналған мамандардың бірлескен жұмысы мен диагностикалау, кеңес беру, оқыту және дамыту, жалпы сөйлеу дағдыларын қалыптастыру және түзете-дамыту жұмыстарын, сөйлеуді қабылдау және түсіну, артикуляцияны, ұсақ және жалпы моторикалық дағдыларды, сенсорлық қозғалтқышты дамытуға бағытталған ойын жаттығуларының жүйесін, практикалық тапсырмалар мен дидактикалық ойындарды қолдану тиімділігі сипатталады.</p>												
12	<p>1.Арнайы мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі</p> <p>2. Сөйлеу тілі бұзылған балаларды тәрбиелеудің педагогикалық жүйесі</p>	<p>1. ЕБҚБ білім алушылардың тұлғалық дамуын қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздері қарастырылады. Бұзылыстың түрлері бойынша оқыту әдістерін қолданудағы түзете-тәрбиелік бағыты; тәрбиелеу әдістері мен тәсілдерін таңдау принциптері мен критерийлері; ЕБҚБ балаларды тәрбиелеудің дәстүрлі және инновациялық технологияларын қолдану; тәрбиелеу тәжірибесіне шетелдік педагогиканың тұжырымдамасын енгізу мәселелері сипатталады.</p> <p>2.ЕБҚБ балалармен түзету-тәрбиелеу жұмысының педагогикалық жүйелерін</p>	7			+		+						+



		қарастырады, Сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалар тілінің даму ерекшеліктері талданады; сөйлеу патологиясы бар балалардағы сөйлеу бұзылыстарын лингвистикалық талдауда пәнаралық білімді кіріктіру, белгілі бір сөйлеу бұзылыстары бар баланы түзету әдістері және қалпына келтіру мүмкіндіктері, сөйлеу бұзылыстары бар балалардың дамуының педагогикалық заңдылықтары қарастырылады.													
13	1.Есту, көру және сөйлеу мүшелерінің анатомиясы, физиологиясы, патологиясы 2. ЕБҚББ салауатты өмір салты, гигиенасы және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларының негіздері	1. Есту, көру және сөйлеу мүшелерінің қалыпты және патология кезіндегі құрылымы мен функциясы, көру мен есту бұзылыстарының сөйлеу тілінің дамуына әсері, сондай-ақ оның ойлау мен есте сақтаудағы маңыздылығын пәнаралық байланыста кіріктіру, коммуникативтік функцияларды жүзеге асыру, денсаулық сақтау принциптері, зерттеудің арнайы әдістері сипатталады. 2. Әлеуметтік өмір негіздері, салауатты және қауіпсіз өмір салты туралы білім мен түсініктерін дамытуға; даму бұзылыстары бар балалардың күн тәртібі, гигиена және өз-өзіне қызмет ету дағдылары, бейімделген дене тәрбиесінің негіздері, баланың өзін-өзі бағалауы, әлеуметтенуі мен тұлғалық қалыптасуы; дағдыларды дамыту және салауатты өмір салтын қалыптастыру әдістері мен инновациялық технологиялары қолдануға бағытталады.	6			+	+	+							
14	1.Арнайы педагогиканың медициналық-биологиялық негіздері 2.Арнайы білім берудегі	1.Адам денсаулығының бұзылуының медициналық-биологиялық проблемаларын, сүйемелдеудің денсаулық сақтау принциптерін, жеке дамуының психологиялық-	5				+	+	+		+				

	денсаулық сақтау технологиялары	<p>физиологиялық параметрлерін, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын қалыптастыру мен сақтаудағы психологиялық-физиологиялық процестердің рөлі, жүйке жүйесінің психикалық бұзылыстарының алдын-алу мен түзету-дамытудың инновациялық технологиялары, бағдарламалық қамтамасыз етілуі, алғашқы медициналық көмек көрсету және түзету-дамыту туралы түсініктерін дамытуға бағытталған.</p> <p>2. Қазақстан Республикасында балалардың денсаулық жағдайы; балалар денсаулығын сақтау технологиялары, олардың жіктелуі мен тиімділігі; физикалық, әлеуметтік, ақыл-ой даму ерекшеліктері; ауытқулар, диагностикалау, алдын-алу; отбасының, мемлекеттік және білім беру мекемелерінің рөлі, түрлі жастағы балаларда салауатты өмір салтын қалыптастыру технологиялары; ЕБҚБ балаларға оқу жүктемесін бейімдеу мәселелері қарастырылады.</p>														
15	<p>1.Сөйлеу тілінің айтылу жағынан бұзылуы</p> <p>2.Ауызша сөйлеу тілінің бұзылуы</p>	<p>1. Дислалия, дизартрия, ринолия, дисфония сияқты бұзылыстар туралы түсінік береді, олардың зерттелу тарихын, симптоматикасын, логопедиялық жұмыстардың әсері мен мазмұнын сипаттайды. Дыбыстаудың бұзылуын алдын алу формалары мен арнайы әдістерін, жас және жеке ерекшеліктеріне сай диагностикалау, классификациялау мәселелерін қарастырады.</p> <p>2. Фоноциялық бұзылыстар (афония, дисфония, брадилалия, тахилалия, тұтықпа, дислия, ринолалия, дизартрия) және</p>	5				+		+							

		құрылымдық-семантикалық бұзылыстары (алелия, афазия) қарастырылады. Түрлі сөйлеу бұзылыстарының айнымалы көріністерінің психолінгвистикалық және клиникалық критерийлері, сөйлеу тетіктері, онтогенез процесінде бала сөзінің даму ерекшеліктері мен заңдылықтарына және жас және жеке ерекшеліктеріне сай АКТ мен ЦБР таңдау принциптерін қамтиды.													
16	1.Логопедияның фонетикалық-фонологиялық негіздері 2.Баланың сөйлеу әрекетінің онтогенезі	1. Пәнде тілдік фонетикалық жүйе, фонетика бойынша білім беру проблемаларын шешудегі логопедиялық жұмыстардың дидактикалық, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік негіздері пәнаралық байланыста қарастырылады. Сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта түзету жұмыстарын жүргізу кезінде тілдің фонетикалық бұзылу деңгейін диагностикалау және түзету-дамыту кезінде қолданылатын тәсілдер мен дыбыстық талдау әдістері қарастырылады. 2.Баланың тұлғалық дамуындағы сөйлеу әрекеті онтогенезінің психолінгвистикалық механизмдері, сөйлеу тілін дамытудың түрлі факторлары (пәндік әрекет, эмоционалдық және танымдық белсенділік, әлеуметтік тәжірибе, ересектермен қарым-қатынас жасау, түрлі іс-әрекеттер, танымдық даму, психофизиологиялық механизмдердің жағдайы) арасындағы өзара байланыс, бала сөйлеуінің дамуын диагностикалау, кезеңдерге бөлу және онтогенез механизмдерін түсіндірудің түрлі тәсілдері сипатталады.	5			+		+	+	+					
17	1.Логопедиялық технологиялар	1.Сөйлеу тілі бұзылыстарын дер кезінде диагностикалау және максималды түзету	9	+				+		+	+				

	2. Сөйлеу тілі бұзылыстарының жіктелуі	<p>технологиялары: логопедиялық тексеру технологиясы, дыбыстауды түзету, тыныс алуын қалыптастыру, дауысты түзету, сөйлеудің интонациялық аспектісін дамыту, сөйлеудің жылдамдық-ырғақтық жағын түзету, сөйлеудің лексикалық-грамматикалық аспектісін және логопедиялық массажды дамыту, сондай-ақ заманауи және дәстүрлі емес логопедиялық технологиялар (BOS, Tomatis, мультимедиа, нейропсихологиялық және т.б.) қарастырылады.</p> <p>2. Сөйлеу тіл бұзылыстарының клиникалық және педагогикалық классификациясы (М.Х. Хватцев, Ф. А. Рау, О.В. Правдина, С.Лякпидиевский, Б.М. Гриншпун); ауызша және жазбаша сөйлеудің бұзылуы; сөйлеудің фоноциялық жағынан бұзылысы және сөйлемнің құрылымдық, семантикалық жағынан бұзылыстары; педагогикалық, лингвистикалық, психологиялық критерийлерге негізделген сөйлеу бұзылыстарының психологиялық-педагогикалық жіктемесі; аурулардың халықаралық классификациясы (АХЖ-10); диагностикалаудағы технологиялардың тиімділігі мәселелері қарастырылады.</p>												
18	1. Тіл дамытудың арнайы әдістемесі 2. Дауысты қою және мәнерлеп оқу практикумы	1. Арнайы педагогиканың тұжырымдары мен әдістемелік негіздері, формалары мен құралдарын МЖМБС-ға сәйкес қарастырады. Мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың дыбыстық мәдениетін қалыптастыру және сөйлеудің грамматикалық құрылымын меңгерту, әдеби мәтінмен және иллюстрациялық материалдармен жұмыс	8	+	+			+						

		<p>істеудің типтері, тілдік дағдыны қалыптастырудың арнайы әдістері мен инновациялық технологиялары сипатталады.</p> <p>2. Дауыстың бұзылуы, оны дұрыс қою, дикциямен жұмыс істеудің арнайы әдістері, артикуляциялық және тыныс алу гимнастикасының негіздері, арнайы білім берудегі логопед-мұғалімнің кәсіби қарым-қатынасында қажетті әдеби нормаға сай сөйлеу ережелері (орфоэпия және интонация), әдеби шығармаларды мәнерлеп оқу талаптары туралы білімді қарастырады.</p>													
19	<p>1. Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың арнайы әдістемесі</p> <p>2. ЕБҚБ балаларды оқуға үйретудің әдістемесі</p>	<p>1. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың заңдылықтарын, нозологияға, жеке және жас ерекшеліктеріне сай оқу материалдарының көлемі мен мазмұны бойынша оқыту және дамытуға арналған оқу-бағдарламалық кешен даярлау; дамудың нормативтік деңгейіне қол жеткізуге ықпал ететін оқытудың ұтымды әдістері мен тәсілдері, түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігін бағалау бойынша білімдерін тереңдетуге бағытталған.</p> <p>2. Білім алушының ерекшеліктеріне сәйкес оқуға қызығушылығын арттыру-дамыту жолдарын қарастырады. Оқу дағдыларын қалыптастыру бойынша логопедиялық жұмыстардың формалары мен әдістері; әріптік оқыту жүйесі; оқуға үйрету тәсілдері, әдеби, аналитикалық-синтетикалық, буындап, қосып, көлемдік оқу әдістері, Чаплыгиннің текшелері, Зайцевтің текшелері және т.б., бұзылыстың түріне және формасына байланысты оқуды меңгерту әдістемесін бағалау дағдысы қалыптасады.</p>	5							+	+	+			

**Бейіндеуші пәндер циклі**  
**Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті**

20	Арнайы білім берудегі педагогикалық зерттеулердің әдістемесі	Арнайы білім беру саласындағы ғылыми танымның әдістері мен әдіснамасы, психологиялық-педагогикалық зерттеу принциптері, диагноз түріне сәйкес зерттеу әдісін таңдау жолдары туралы түсініктері кеңейеді және ғылыми көзқарасы қалыптасады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, ЕБҚБ балалардың жетістіктерін эксперименттен өткізу және педагогикалық диагностикалау бойынша дағдылар, негізгі білім беру бағдарламаларын игерудің педагогикалық мониторингі сипатталады.	8					+		+	+		+		
21	Сөйлеу тілі патологиясының неврологиялық негіздері	Сөйлеу тілі бұзылыстары және олардың көріністері, орталық жүйке жүйесінің түрлі бөліктерінің құрылымы мен функциясының мидың қалыпты және патологиядағы белгілі бір бұзылыстарындағы ерекшеліктер, сөйлеу анализаторларының жұмысы қарастырылады. Сөйлеу функцияларында неврологиялық бұзылыстары бар адамдарды диагностикалау және түзету-дамыту туралы білімдерін тереңдетуге бағытталған.	6							+	+	+			
22	Көркем еңбекті оқытудың арнайы әдістемесі	МЖМБС сай еңбекті оқыту негізінде практикалық дағдылар мен біліктіліктерді игерудің мазмұны, еңбек түрлері мен топта ынтымақтаса жұмыс істеу әрекетін ұйымдастыру формалары мен технологияларын, арнайы және инклюзивтік білім беру ұйымдарында ЕБҚБ мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларының еңбек әрекетін жүзеге асыру	6	+				+							+

		барысында коммуникативтік дағдыларын дамыту жолдары сипатталады.																
23	Математиканы оқытудың арнайы әдістемесі	МЖМБС сай ПОӘК, арнайы және инклюзивтік білім беру ұйымдарында мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы балаларға математиканы оқытудың мазмұны, даму бұзылыстары бар балаларға математикалық материалдарды игерту, балалардың жас ерекшеліктері мен акалькулия және дискалькулия әдістерінің клиникалық-психологиялық сипаттамалары, арнайы әдістер, әдістемелер, оқу-бағдарламалық қамтамасыз етілуі мен технологиялары, негізгі тақырыптарды оқыту әдістемесі сипатталады.	8					+		+	+							
24	Олигофренопедагогика	Арнайы педагогиканың ажырамас бөлігі ретінде пән мақсаттары мен міндеттері, тұжырымдары, ғылыми негіздері; зияты зақымданған балалардың әлеуметтік-мәдени аспектілері: олардың даму заңдылықтары мен ерекшеліктері; VIII типтегі балалар мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарындағы оқыту әрекеттерінің жүйесі, олардың еңбекке қабілеттілігі, әлеуметтік бейімделу; ақыл-ой деңгейін диагностикалау туралы білімдерін тереңдетуге бағытталады.	5		+					+								
25	Зияты зақымданған балаларды әлеуметтік оңалту бойынша түзету жұмыстары	ЕБҚБ балаларды әлеуметтік-психологиялық оңалтудағы маманның жұмыс ерекшеліктері, әлеуметтік-психологиялық аспектілері және ЕБҚБ баланың даму заңдылықтары қарастырылады. Түрлі даму бұзылулары бар балаларды оңалту процесінің және кәсіптік бағдар беру құрылымының ерекшеліктері; білім беру ұйымдары жағдайында ЕБҚБ балаларды оңалту жүйесіндегі жаңа	5		+						+							

		бағдарламалар мен амалдар сипатталады.																
26	ПДТ балалармен жұмыс жүргізудің психологиялық-педагогикалық технологиялары	Балалардың психикалық дамуының кешеуілдеуінің негізгі белгілері; клиникалық, педагогикалық-психологиялық жіктемесі; ПДТ балалардың даму ерекшеліктері; түзету-дамытушылық, денсаулық сақтау принциптері мен түзету-тәрбиелік көмек көрсетудің құралдары; бұзылыстарды жөну жолдары туралы түсініктері кеңейеді. ПДТ балалардың психикалық денсаулығын сақтауға және эмоционалдық бұзылыстарының алдын алуға бағытталған технологияларды (психогимнастика, мимика, пантомимика этюдтер, жаттығулар, ойындар) қолдану дағдысын дамытуды көздейді.	5				+										+	
27	Зияты зақымдалған балаларға арнайы білім берудегі инновациялық технологиялар	Инновациялық технологиялар (ойын, денсаулық сақтау, тұлғаға бағытталған, компьютерлік, тестілеу, аудиовизуалды, арт-терапия, компенсаторлық) арқылы зияты бұзылған балаларды түзете-дамыта оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері, сабақ барысында және қашықтықтан жұмыс режимінде ЦБР-ді қолдану тәсілдері, арнайы түзеу-дамыту педагогикалық технологиялары; дәстүрлі және инновациялық технологияларды тиімді үйлестіре білу дағдысын дамытуды көздейді.	5				+	+	+									
28	Сурдопедагогика	Сурдопедагогиканың принциптері, ғылыми негіздері туралы түсініктері кеңейіп, ғылыми көзқарастары қалыптасады. Есту қабілеті нашар тұлғалардың ерекшеліктері, оларды оқыту, тәрбиелеу және әлеуметтік бейімделу процесін психологиялық-педагогикалық қолдау; әлеуметтену және оңалту үшін жағдай	5		+								+	+				



		жасау; түзету-педагогикалық процеске бейімделген білім беру бағдарламаларын енгізу; түзету және инклюзивтік білім беру ұйымдары жағдайында түзету-дамыту жұмыстарды ұйымдастыру дағдысын дамытуды көздейді.													
29	Саңырау, нашар еститін және кейіннен естімей қалған білім алушылардың психологиялық-педагогикалық диагностикасы	Есту қабілетін кешенді диагностикалау әдістерін, есту қабілетінің бұзылу деңгейі, есту функциясын дамыту резервтері, ауызша сөйлеуді қабылдау және дыбыстау жағдайын ескеріп, балаларды оқытудағы дифференциалды тәсілді қолдану; ЕБҚБ білім алушыларды анықтау мақсатында психологиялық, медициналық және педагогикалық тексеру ұйымдастыру; нашар еститін және есту қабілетінен кеш айрылған білім алушылардың даму динамикасын мониторингтеу әдістері қарастырылады.	5							+		+			
30	Есту кемістігі бар тұлғаларды түзету және педагогикалық сүйемелдеу	Саңырау және есту қабілеті нашар білім алушылармен жұмыс істеудің дидактикалық жүйесі мен принциптері; тексеру әдістері, дактильді және ишара тілі, ауызша және жазбаша сөйлеудің ерекшеліктері, оқыту әрекеттері, мінез-құлықтары мен қатынас жасау ерекшеліктері; түзету жұмысы бағдарламасының бағыттары мен мазмұны; психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын жүзеге асыруға қажетті жағдайлар жүйесі, ПМПК рөлі туралы білімдері кеңейеді.	5		+			+			+				

31	Есту қабілеті бұзылған балаларға арнайы білім берудегі инновациялық технологиялар	Заманауи инновациялық және коммуникациялық технологияларды (проблемалық оқыту, жобалау әдісі, арттерапия, музыкалық терапия, ырғақпен емдеу, изотерапия, күлкі терапиясы, пластикалық импровизация), есту қызметін компенсациялайтын дыбыс күшейткіш заманауи сурдотехникалық құралдары, ЦБР-ді (ойын, мультимедиа, презентациялар, аудио-визуалдық, тренажерлар), басқа да арнайы диагностикалау, түзету және бағдарламалық құралдарды пайдалана алу дағдысын дамытуды көздейді.	5					+		+	+				
32	Тифлопедагогика	Көру бұзылыстарын психикалық, педагогикалық және клиникалық зерттеу; соқырлық пен көру қабілетінің төмендеуі кезінде функцияларды түзету және қалпына келтіру; тұлғаны қалыптастыру және дамыту шарттары; зағип және көру қабілеті нашар адамдарға түзету және инклюзивті білім беру жағдайларында ғылыми, еңбекке баулу және кәсіптік білім беру негіздері, әдістері мен ұйымдастыру жолдары туралы білімдерін кеңейтеді.	5			+		+	+						
33	Көру кемістігі бар балаларды түзету және педагогикалық сүйемелдеу	Көру қабілеті бұзылған балаларға психологиялық-педагогикалық көмек беруді ұйымдастыру, коррекциялық-оқыту бағдарламасын іске асыру, көру қабілеті бұзылған балаларға кеңістікті бағдарлауды оқыту әдіс-тәсілдері; педагогикалық сүйемелдеуде арнайы көмекші құралдарды қолдану, қоршаған ортаны тану, арнайы технологиялар арқылы түзету және оңалту мәселелері жөнінде білім дағдыларын	5					+	+		+			+	

		дамытуды көздейді.																
34	Л.Брайлдің рельефтік-нүктелік жүйесін оқыту	Нашар көретін және көрмейтін тұлғалардың жазу және оқу жүйесі, тифлотехникалық оқыту құралдары туралы теориялық білімдерді дамытуға бағытталған. Әлеуметтік-мәдени оңалту құралдары, Л.Брайль рельефтік-нүктелі шрифті бойынша білім беру әдістері, оларды жүзеге асыру үшін арнайы жазба керек-жарақтарын қолдану дағдыларын дамытуды көздейді.	5						+									
35	Көру қабілеті бұзылған балаларға арнайы білім берудегі инновациялық технологиялар	Замануи инновациялық және коммуникациялық технологияларды (проблемалық оқыту, жобалау әдісі, арт-терапия, музыкалық терапия, ырғақпен емдеу, изотерапия, күлкімен емдеу, пластикалық импровизация), көру қабілеті нашар білім алушыларға арналған тифлотехникалық, оптикалық приборлар мен құрылғыларды (бейнеулағайтқыштар, электронды лупалар, брайль компьютерлік техникалары, сөйлеу синтезаторлық бағдарламалары және т.б.), оңалтуға арналған техникалық құралдарды пайдалана алу дағдысын дамытуды көздейді.	5				+	+	+									